

Отырар аудандық орталық кітапхана

Кітапхананы дамыту бөлімі

***КІТАПХАНАДА КӨПШІЛІК
ІС –ШАРАЛАРДЫ
ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТҮРЛЕРІ***

/Ұсыныстық көрсеткіш/

Отырар, 2022

«Кітапханада көпшілік іс-шараларды ұйымдастырудың түрлері»/ұсыныстық көрсеткіш/Отырар аудандық орталық кітапхана; құрастырған:Р.Мақтабекова, редактор:Р.Пернебаева, жауапты: А.Рыскелді. –Отырар.

АЛҒЫ СӨЗ

Біздер, кітапханашылар оқырманмен жұмыс жасап келеміз. Оқырманмен тығыз қатынас орнату, кітапханашы жұмысының негізгі табысы. Ал, біз осының негізін қалай қалаудамыз? Кітапханада өтетін іс-шараға оқырман қызыға келе ме? Оқырманмен жақсы қарым-қатынас орнатудамыз ба? Ол үшін біз кәсіби біліктілігімізді көрсете білуіміз керек. Оқырман біздің кәсіби шеберлігімізге шүбә келтіре алмайтындай жағдайға келіп, білімімізді үнемі жетілдіріп отыруымыз керек. Кітапханада жаңа идеялар мен жаңаша жұмыстардың түрін жетілдіріп, тың ойлармен жұмыс жасау керекпіз. Осы мақсатта сіздерге көпшілік жұмыстардың бірнеше түрін ұсынамыз.

Көрсеткіш кітапханашыларға арналған.

КІТАПХАНАДА КӨПШІЛІК ІС –ШАРАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТҮРЛЕРІ

Әдеби вернисаж (литературный вернисаж) - ақын-жазушылар шығармаларында әдебиет, мәдениет, өнер саласындағы қайраткерлерге арналған әдеби портреттер бар. Бұл ойын түрінде өткізіледі- 2 топқа бөлініп, 1-ші топ “әдеби портреттегі” кейіпкерге аннотация беріп шығармасынан үзінді оқиды, 2-ші топ сол кейіпкерді табу керек.

Әдеби караоке - бұл музыканың сүйемелдеуімен өтетін мәнерлеп оқудан байқау. Онда бірінші өлең оқылады, оқитын адам сол өлеңге музыканы таңдап алу керек, музыкалық сүйемелдеу сол өлеңнің ритміне сай келу керек.

Библиографиялық шолу – құжаттардың қысқаша мазмұны сипаттарымен орынды әңгіме түрінде жасалған ашық ауызша хабарландыру. Шолулар түрлері: ақпараттық, ұсыным, тақырыптық, жеке, кітап пен журналдарды, библиографиялық құралдар, әдебиеттің және басқа құжаттардың арнайы түрлерін шолу. Шолу үш бөлімнен құрылады: кіріспе, негізгі және қорытынды. Көпшіліктің назарын аудару үшін, шолуды оқырмандарға арналған сұрақтан бастауға болады, мысалы, оның тақырыбы, мақсаты. Шолудың кіріспе бөлімінде тақырыптың қысқаша сипаты беріледі, оның маңызы, әдебиеттің тандау принциптері, оның шолу құрамындағы топталануы түсіндіріледі. Негізгі бөлімінде – шығармалар туралы әңгіме. Оның әрқайсысы туралы мәлімет беріледі (автордың тегі; шыққан мәліметтер, мақсаты және оқырман міндеті, анықтама аппараттың болуы, шығарма мазмұнын ашатын аңдатпа, бар болса шығармаларға арналған рецензия). Қорытынды бөлімінде барлығы айтылғанға қорытындысы шығарылады, шолу тақырыбының мазмұнына жақын қосымша басылымдар аталу мүмкін, сонымен бірге осы тақырып бойынша библиографиялық құралдар ұсынылу мүмкін. Шолуға байланысты жалпы әдіс талаптары: жиналған кітаптардың көркем құндылығы, баяндаудың қол жетерлігі мен қызықтылығы, тындаушыларды қарқындату талабы, ұсынған кітаптарды оқуға олардың қалауын ояту, шолу жұмыстың дербес түрі болып табылады, бірақ жиі кітап көрменің жанында өткізіледі, әдеби кешті, кітапты талқылау, әдеби ойындарды бастайды немесе аяқтайды.

Библиокеруен. Бағдарламасы, жүру бағыттары және топтың мүшелері белгіленеді. Белгіленген күні, жүру бағытымен мәдениет, кітапхана, мектеп және т.б. орындардың көрнекті жерлеріне үндеулер ілініп, дайындалған слайд-көрсетілімдер, фильмдер көрсетіліп, зияткерлік ойындар өткізіледі.

Библиотерапевтік сағаттар. Библиотерапия – кітап арқылы емдеу мағынасын білдіреді. Библиотерапия – жалпы медицина және психотерапияда терапевтік құрал ретінде оқуға іріктеліп алынған материалдарды пайдалану арқылы адамның сауығуына, психологиялық жағдайының тұрақтануына кітап оқу арқылы әсер ету.

Библиофреш – (англ. fresh - жаңарған) жаңа кітаптарға библиографиялық шолу жасау.

Буккроссинг – (ағылшын тілінен ауд. кітап айналымы) бук - кітап, кроссинг- ауысу, тапсыру, бұл интернет-ойын түрінде жүргізіледі, негізгі принципі - оқып болып басқаға бер. Белгілі бір қызықты кітаптың электронды мәтінін оқып болған соң, келесі адамның электронды поштасына жібереді.

Виртуалды саяхат. Қашықтан пайдаланушыларды кітапханаларды, мұражайларды, тарихи және көрнекі орындарды таныстыруға арналған 3D бейнебаян түрінде дайындалған танымдық, деректі экскурсия. Сонымен қатар, кітапханаларда инновациялық жұмыстың көптеген түрлері – диалог-шолу, ойын-саяхат, слайд-шоу. Медиа-таным, веб-викториналар т.б. өткізіледі.

Кітапханалық калейдоскоп – кітапханашы күніне арналып өткізуге болады, әр филиал өз іс-шарасын театрландырылған көріністе көрсетіледі, мысалы кітапхана өмірінен немесе пайдаланушы мен кітапханашы арасындағы қызықты жағдайлар туралы және т.б.

Оқырман бенефисі – бір оқырманның құрметіне жасалған кешенді іс –шара. Кітапханалық кездесудің кейіпкерлері – қандай болсын білім

саласына (тарих, техника, медицина және т.б.) немесе жанрға (фантастика, поэзия және т.б.) қызығушылықпен қарайтын оқырмандар. Бенефициант-оқырман белгілі талаптарға сай болу керек: жан-жақты дамыған, ашық тұлға болу тиіс. Бенефиске дайындалған кезде кейіпкер оқылған кітаптар немесе өзінің оқырман ерекше ықыласының принцип бойынша көрме ұйымдастырады (кітапханашы көмегімен). Іс-шарада бенефециант оның тақырыппен (жанрмен) қалай және қашаннан бері айналысатын туралы айтып береді, кітап таңдау әдістермен бөліседі, оқылған кітаптарға баға бере алады. Жазушы бенефисі – бұл ең үздік оқырмандарды насихаттау, достарының көзінше олардың абыройын жоғарылатудың нәтижелі құралы.

Памфлет кеші. Памфлет түрлі көркем жанрларда болады. Памфлет кешін өткізудің мақсаты – адам өміріне зиян келтіретін (маскүнемдік, нашақорлық және т.б.) әдеттерді көріністер арқылы айыптау. Осы кеште бос уақыттарын өздерінің қызығушылығына сәйкес тиімді өткізетін адамдармен кездесу, әңгімелесу.

Печа-Куча (Pecha Kucha) – жобалар мен идеялардың қысқа, шектеулі уақыт аралығында, PechaKucha Nights бейресми конференцияларында баяндалатын дербес тұсаукесерлер. Сөйлеуші 20 слайдтан тұратын тұсаукесер-баяндамасын ұсынады, 20 секундтан көрсетіледі де, автоматты түрде келесі слайдқа көшіріледі.

Портрет кеші - нақтылы адамдарға – әдебиет, өнер, ғылым аса көрнекті қайраткерлерге арналған кешенді іс-шара. Кітапханашының мақсаты кейіпкердің тек қана шығармашылығымен ғана шектелмей, ол қандай адам болған, оның тамырлары қайдан, оның отбасы туралы және т.б. туралы айтып беру. Бір сөзбен айтқанда, «оның портретін барлық болатын құралдармен суреттеу».

Поэтикалық марафон – шағын алаңда белгілі бір ақынның поэзиясын бірнеше оқырманның кезектесіп мәнерлеп оқып шығуы.

Саяхат ойын – маршрутты ойын, кезеңдерді өту ойыны. Саяхат-ойынның мақсаты – әсерді күшейту, мазмұнына ерекшелік қосу, олар көңіл бөлмейтін нәрселерге оқырмандардың назарын аудару. Міндетті элемент – маршруттық бетте белгіленген жоба бойынша топ қатысушылардың мақсаттылық жүру процедурасы. Саяхат-ойынның ерекшеліктері: топ оқырмандардың әрқайсында өз рөлі бар саяхатшылар экипажына айналу; қызықты атауларымен аялдамалар белгіленген бояу карта түріндегі саяхат маршрутын құрастыруы және безендіруі. Аялдамаларда әр түрлі тәсілдерді, әдістерді қолдану арқылы сюжетте негізгі іс-әрекеттер пайда болады. Өтілген аялдамалар карта үстінде тулармен немесе басқа да белгілермен белгіленеді.

Флешбук - дәйексөз, сурет және басқа кітап туралы ақпарат арқылы қызықты бір кітапқа тұсаукесер өткізу.

Флеш-моб (тосыннан жиналып, тез тарқайтын көпшілік адамдар тобы). Флеш-мобтың мақсаты – кітап оқудың рөлін тосыннан жиналған көпшілікке түсіндіру және кітапханаға оқырмандар тартудың бірден-бір жолы. Бұл шараны өткізу үшін оның бағдарламасы, мақсат-міндеттері мен бағыттары белгіленеді. Оған кітапханашылар және белсенді оқырмандар жұмылдырылады.

Шешілмеген құпиялар кеші. Кештің мақсаты – қоршаған ортаның құпия сырлары, ғылыми жаңалықтар және жаратылыстану мәселелеріне (жорамалдар, болжамдар, медицина, табиғат, психология, тарих т.б.) көңіл бөлу.

Шок-урок - өте өзекті мәселелерге арналған тақырыптарда видеослайд, бейнефильм көрсету арқылы түсіндіріліп өткізіледі, мысалы, СПИД, есірткі, темекінің зияны, экстремизм және т.б.

Мекен-жайымыз:

Шәуілдір ауылы
Н.Оңдасынов көшесі, 2
Сымтетік: 77-5-78

Электронды пошта: **Otrar_kitap@mail.ru**